




ИСАЙ
КАЛАШНИКОВ

СҮМ
ЗАМАН

2



Калашников Исай Калистратович.

К 15 **Сұм заман.** Тарихи роман. Екінші кітап. Аударған *Нұрғазы Шәкеев.*
Астана: Аударма, 2004. – 720 бет.

ISBN 9965–18–123–3

Буряттың Халық жазушысы Исай Калистратович Калашников кезінде “Қанығу”, “Соңғы шайқас”, “Жанару” атты романдар мен “Кешу”, “Азғын” сияқты т.б. хикаяттар жазған. “Жанару” романы үшін оған Бурят АССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілген.

Ал “Сұм заман” («Жестокый век») соңғы романы. Жазушы 1978 жылы дүниеден өтті. Бұл шығарма бүкіл дүние жүзілік көркем әдебиеттің дәстүрлі реалистік үлгісімен астаып жатқан ауқымы кең дүние. XII ғасырдың басындағы монғолдар тұрмысы, сол тұрмыстың қилы-қилы суреттері романға арқау болған. Шығарманың как ортасында Темүжін-Шыңғысхан образы. Оқырманның қоз алдынан бір-бірімен жауластып, қырғиқабақ болып жүрген тайпалардың басын қосып, біріктіру жолында күрес тұғырына көнген Шыңғысханның күрес әрекеттері өтеді. Романда қазақтың найман, керей, қоңырат, жалайыр, меркіт руларының сол бір кездегі тарихы да біраз камтылған. Мұнда Шыңғысханның татарлармен, қытайлармен шайқасына да елеуір орын берілген.

Шығармада толып жатқан кейіпкер бар. Оқырман жұртшылық Темүжін-Шыңғысханның әкесі Есукей мен шешесі Әуелдүн жайынан да, зайыбы, қоңырат қызы Бөрге, Бөртеден туған Жошы, Шағатай, Үкітай, Төле жайларынан да бірсыпыра мағлұматтар алады. Есімдері қазақ еліне сонау көне дүниеден бері белгілі болған Сүбітай, Жебе, Боршы, Құбылай, Мұқали сияқты Шыңғысхан сардарларының қол бастауданғы қимыл-әрекеттерін суреттеуде де қаламгер шеберлік танытып отырады.

Роман тәржімесі оқырманның бас алдырмай оқытатын ұлттық туынды болып шыққан. Оны қазақ тілінде сойлеткен көрнекті аудармашы **Нұрғазы Шәкеев.**

К 4702130201 128
000053 04

ББК 84 Бур 7- 44

© М., «Советский писатель», 1978, на рус. яз.

© М., «Советский писатель», 1980, на рус. яз.

© М., «ЭКСМО-ПРЕСС», 1998, на рус. яз.

© А., «Аударма» баспасы, 2004, на каз. яз.

© Қазақстанның кітап графикасы суретшілерінің қоғамдық бірлестігі, 2004

ISBN 9965 18 123 3 (І кітап)
ISBN 9965 18 103 9

Екінші кітап

ҚУҒЫНШЫЛАР

Ашкөздік те

бір-бірімен жарысып,

Әмбесі де тауықтатпай қарысып,

Жатты шенеп,

өз мінін жоқ талдауға,

Күндеу мәңгі

жүректерін жамауда.

Билік десе

естен тана өңмеңдер

Жалганда.

Цюй Юань

(б. д. дейінгі 340–278 жж.)

Эпиграфты аударған

Қазақстанның халық жазушысы

Мұзафар Әлімбаев.

БІРІНШІ БӨЛІМ

I

Дала әлеті жым-жылас боп тына қалған. Соғыс даңғырларының тосектен жұлып алар дабылды даңғыр-дүңғыры да, ат тұяғының жер солқылдата жөңкілген тасқынды ағыны да енді жоқ, енді суылдай ұшқан жебенің қалың бұлты ат жалына жатып ап, қорғануға мәжбүр қылмайды. Көшпенді елге көптен күткен тыныштық келді.

Темүжінге Теб-тәңір айтады: тыныштық көк-тәңірдің қалауымен келді деп. Қатарынан қаншама жыл қыс – қарсыз, ақ түтек борансыз, көктем – көк мүзсыз, жалмаңдаған жұтсыз, жаз – қуансыз һәм қара дауылсыз. Мұндай кезде шөп қалың да құнарлы, мал төлдемі жақсы әрі халықтың ішіп-жемі ағыл-тегіл. Көшпендіге бұдан өзге не керек енді? Бүгін қарны тоқ боп, ертең аш қалам деп ойламаса, ол – тыныш, ол – момын. Және көрші жұртқа көз салғанда көре алмаушылық, күншілдік деген бәле тумайды онда.

Темүжіннің пөкерлері үйлену тойын да, жаңа туған нәресте-ұлдың шат-надыман шілдеханасын да думандатып өткізіп жатты, қарашалар жападан тігілетін киіз үйлерге арнап, киіз басумен әуре, ал нояндар аңға шығып алданғандай болады. Әйтеуір басқаны ойлап, өңгені көксем жүрген бұл ауылда еш пенде жоқ. Өзге ұлыстарда да осы жай мен осы күй. Осы жақын арада ғана шаманың айтып, азғыруымен тайшылардан Темүжінге біраз пөкер қанын кейін еді, бірақ қазір ондай-ондайдың арты сарқылып тұр. Неге? Негесі сол – қазір тайшы қосындағылардың қолдары өсіп, қолдарына енді қайтың қару алыңлары да, дау-дамайға енді қайтып барғылары да жоқ. Енді оларға Тарғытай-Қырылдақтың өзі-ақ жайлы да сайы.

Бірақ Темүжін әңгіме бір ғана тоқтықта ма екен деп бағамдайды. Уән-хан скеуі татарларды тәмамдап жібергеннен кейін жауласып жүрген басты күнштердің ара салмағы тепесіп қалғанды. Токтабектің меркіттері де, Тарғытай-Қырылдақтың тайшылары да, өз тоңірегіне өз тізгіні өзінде жүрген ерікті, еркін пояндарды жинап алған Жамұқаң да, керейдің Уән-ханы да, әр текті тайпалардан құралмыш хандықтың ханы боп отырған өзі де - осылардың ешқайсысы да жеке-жеке жүрін ешкімді ешқанадан да жеңе алмақ емес. Бірақ әйтеуір біреудің мәлкілдеп құлауы, біреудің жеңіліп, жер жастануы керек қой... Ендеше мына дамылдың түбі осал. Бұл дамының - алдамшы.

Даланың тізбек-тізбек төбеніктері сияқты бірінен-бірі аумап қалған үкәс күндер жинала-жинала айларға айналады, тағы бір айналып қарағанынша-ақ айлар артынан жыл жетеді, сойтын жыл артынан жыл өтеді, екіншісі, үшіншісі боп ағытылып кете барады... Темүжін енді төрт бала – төрт ұлдың әкесі. Бәрі қара шашты “қара домалақтар”. Бұған мазасы қалмай бір сәт қиналып алатын кездері де болмай қоймайды: “өз ұлысына осылардың бірде-бірі шынымен-ақ мұрагер боп қала алмас па?” деп қиналады. Неге бола алмайды? Әлде нағыз мирасқордың әлі тұмағаны ма? Әлде хандығы қаусап қала ма? Қаусататын сол пәленің қай тұста өсіп, қай тұста пісіп келе жатқанын болжап білудің жолы қайсы?

Дәп қазір Темүжіннің ойлап жатқаны да осы жай еді. Ол аңшылықтан әлгіде ғана оралған. Жайран еді аулағаны. Күннің күйіп тұрған ыстығында ат үстінде шапқылау қатты шаршатып тастаған екен. Киіз үйдің көлеңкесінде, текемет үстінде жалаң аяқ, жалаң төс жатыр. Онон жақтан кешкі салқын самал еседі. Ыстықтан бусанып, беті-жүзін тер басқан Бөрте кішкентай ұлы Төлени алдына алып әлділеп, текеметтің шетін ала жайғасыпты. Бұдан үлкенірек ұлдары Шағатай мен Үкітай жерге айналыра шыбық шаншын, соларға қой терісінің тұтам-тұтам үзіктерін жапсырады – сонда бұлары аумаған киіз үй боп шығады. Асықтары – қора-қора қой, табын-табын жылқы, ал аяққа киегін мәсі – пәуеске боп кетеді. Үлкен ұлы Жошы мен шешесі асырап алған татар бала Шекікүтық жіп-жіңішке таспадан өздерінің аттарына арнап жүген өріп отыр. Ойыншық атқа емес, нағыз аттың өзіне арнап өріп отыр. Әрине, момын, жуас ат, бірақ нағыз ат.

Әрбір моңғол баласы үш жасында ерге отырып, алты жасында бала садақтан дәл тигізе білуі шарт.

Үлкен ұлы Бөртенің өзі сияқты тығыршық денелі, томпақ ерінді, мінезі жақсы, ақ қоңіл бала. Покерлердің сүйікті һәм сыйлы адамы – әкесіне бала іштей қорқа қарайтын. “Апыр-ау, осы менің ұлым ба, жоқ па?” дегендей бір ащылы жердің сортаңы сияқты зорлі күдік әкесінің жүрегінде анда-санда туып қалатынын бейнебір сезетіндей де еді өзі. Ондай кездері әке балаға суық қарап, тым дорекіленіп отыратын, ал бала болса түкке түсіпбей, әкеден алысырақ кетіп қалатындай бір жағдайды іздеп, қой көздерін жынылықтағын, тұрып қалар еді. Ал сол бір күдік ғайып боп кеткен кезде Темүжіннің өзі қарадан-қарап ұялатып, бала алдындағы кінәсін жуып-шаю үшін оны өзімен бірге аң ауламына, алыста жатқан қостарға сапар шеккенде бірге алып шығатын. Бұл бір кез екеуінің де жүзінен бакыт желі есуші еді, бірақ соның өзінде де Жошы бала ақырына дейін ашылмай, “өсының бәрі аяқ астынан адыра қап, әкем тағы да адам түсініп болмас қатыгездік жасап жібермес пе” дегендей бір сақтық сарқыны оның көздерінде үнемі сақталып қала беретін.. Темүжін өзінің әлгі күдігін жұртқа, әсіресе Бөртеге білдірмеуге тырысады. Әрдайым да мүләйім һәм мейірімді, жұмсақ мінез һәм көңбіс, ауыру атаулының, әсіресе жап зардабының бар әмбесін тез түсініп, соған ортақтаса кететін һәм соны азайтуға дайын тұратын Бөрте әңгіме меркіт тұтқыны жайына ойысқанда бар парасатынан айрылып, даусын көтере айғайлап жіберетін. Бір ретте:

– Меркіт тұтқыны деген менің масқарам емес, сенің масқаран! Күні бүгінге дейін соны шынымен-ақ түсінбегенсің бе? – деп тұп-тура қасқайтын салғаны бар.

Түсінуін ол түсінген ғой. Бірақ одан не пайда!

Үйге аяқдан Тайшы-Құри жеткен. Арқасындағы тері қабын түсіріп, маңдайының терін сүртті.

– Темүжін хан ием, мен саған тарту әкелдім. – Жүресінен отыра қап, қабынан бір бума жебе шығарды. Жебелер қып-кызыл боп боялған екен, жып-жылтыр. – Коріп түрсең ба, қандай әсем! Мұндай жебелерді ешкім саған жасап бере алмайды. Жебе саптарын жабайы шабдалының шыбығынан жонын, қауырысын күйрығын арлан бүркіттің қапатынан жасадым да, ұпштығын майға

қыздырып, жүп-жүка жануышпен өткірледім. Өзімде аздаған қытай бояуы болушы еді, сонымен сыртып бояп шықтым. Бұл тек әсемдік һәм әдемілік үшін ғана емес. Мүндай жебе жапбырдып қаңдайында да ауырламайтын су жүкнастың нақ өзі. Тіпті малын қойып, қайта алғанында жаратылған сол күйінде жеп-жеңіл де сен-сенің.

Темүжін жебелерді аударыстырып, іріктей бастады. Тайшы-Құри мақтаға мақтағандай-ақ, жебелер пышында да жақсы екен.

– Маған тарту жасаймын дегенді қайдан шығарып жүрсін сен?

– Қайдан шығарғаны қалай, хан ием!.. Сен екеуміз бір күнде тудық, мен сенің киіміңді киіп өстім емес пе...

Борте күлін жіберді.

– Осы сөзді қаншама рет қайталан айтқаныңды санадың ба өзің? – деп.

– Қашан болсын, қанша болсын айта берем мен мұны... Немене, өтірік пе? Бұл екеуміз тіпті теріні де бірге илегенбіз. Ол ажырғысымен менің төбемді де ойып жібере жаздаған.

Мына сөзге Темүжіннің де күлкісі келіп еді.

– Нашар ұрған сияқтымын ғой сонда! Осындай мылжын сөздерінді қойдыру үшін қаттырақ соғуым керек еді. Бәрін де тіліңнен тауып, сен үлкен адам бола алмай жүрсін. Қарашы әне, өзіндей Желме мен Сүбітай кім еді? Енді кім болды? “Темірді солармен бірге жүріп соқты, сондықтан да оларды өзіне жақын тартты” деп ойлама... Көп мылжынды қойып, азырақ сөйлесен, сені де мен жүздік ететін едім.

– Темүжін хан ием-ау, жүздік маған не керек! Өзімнің Қаймышымды басқара алмай жүргенімде жүздік менің не теңім! Мен жауынгер емеспін, хан ием. Сен әне Шіледуді өсірін, өге дұрыс жасадың...

– Меркітті ме әлгі?

Ауыздан аяқ асты шығып қалған “меркіт” сөзі ескі ойларға алып кетіп еді.

Тайшы-Құри қабынан енді бала-садақ шығарды, ол да боялып, жылтырланған екен.

– Сенің үлкен ұлыңа арнап әкелдім. Келе ғой, Жошы, кел маған!

Бала садақты қолына алды, сол көзін сығырайта, басын сәл-пәл кекжіте ұстап, керме тартты. Баланың басын ұстасынан және көз сығырайтып, көздесінен ол Қасарға үкесі бірдеңелерді байқап

қалды да (кішкентай кезінде Қасар да дәл осындай еді), кеудесінде жүрегі қуана соғып, сүйсінгенінен: “ұлым менің, ұлым!” – деп баланы өзіне тарта маңдайынан іскеді.

– Тайшы-Құри саған жебе де жасап береді. Мына маған әкелгені секілді ғып.

– Ондай жебе жасай алмаймың, – деді Тайшы-Құри. – Бояу жоқ. Керейлерге кісі жібер. Оларда таңғыт, қытай һәм сартауыл¹ көпестері жиі болып тұрады.

– Жіберем, жіберем. Бояуың көбейеді әлі сенің.

Тайшы-Құридан бала:

– Шекікүтық үшін тағы бір садақ жасай аласың ба? – деп сұрады.

Татар бала Жошынның сыртында тұрып алып, сығалай қарайды садаққа.

Үйрек түмсықты дөңгелек жүзінен аңғарымпаздығы, көздерінен қызық құмар әуестігі байқалады: бірақ қызғанышы жоқ. Өсе келе жақсы жігіт болатын сынайы бар.

– Шекікүтыққа да жасап бер біреуін, Тайшы-Құри... Ал енді өзінің қандай бұйымтайың бар, соны айтшы? Манадан бері бекерден-бекер алдарқатып отырмаған боларсың мені?

– Темүжін хан! – өкпелегендей тара ете қалды Тайшы-Құри. – Маған ештененің керегі жоқ. Өзімді киіндіріп-ішіндіретін, асырап-сақтайтын – мына қолдарым. Жұрт жақсы тұра бастады, хан нем. Өз ұлыма қараймын өзге жұрттың ұлдарына қараймын – беттері толымды, көңілдері болымды – олардан сондай-сондай жақсылықты көремін. Өз әйеліме қараймын – өзгенің әйелдеріне қараймын – солардың жүзінен қанағат, тоқмейіл ренді көремін. Ер адамдарға қараймын – әр еркек өз орнын, өз жөнін біледі – соны көремін. Егер бар қарекетті дұрыс жасап, жөнімен жүрсең, ешкім сені жаман сойлеп сөкпейді, жұдырық көрсетіп, айбар шекпейді. Түнге қарай қорықпай, төсегінде жайлы жатасың, өзіңді өлтіріп, бала-шағанды тұтқынға алып кетеді-ау деп ойламайсың – маған әне сол олжа. Біз Шіледу скеуміз осындай жайлардан жиі-жиі әңгіме шертеміз. Шертеміз де ойлаймыз: жақсы өмірді бәрімізге тарту қылып сен сыйладың, хан нем. Кішкентай адам –

¹С ар т а у ы л деп монғолдар мұсылмандарды атаған.

мына мен не сыйлай алам? Тек қана жебе, тек қана жебелер. Содан соң өз балам – Сөдейге садақ жасап отырып, “біздің ханымыздың баласына садақты кім жасап береді?” – деп ойладым.

“Менің ханмен жақсылан, еркімше сөйлесіп отырғанымды біреу-міреу көріп тұрған жоқ па екен?” деген адамша Тайшы-Құри жан-жағына қарап қояды. Оның жайдарылашып алған акпейіл әлпеті рақаттанғанынан табактай болып жайылып кетеді. Қызық-ақ... Өзінің мылжып сөздері құлақ құрышынды қандырады. Сөйтіп ігі, ізетті ойлар аспан әлетіне жең-жеңіл ақша бұлт болып жүзіп береді. Бірақ көкке бара алмайды ол. Бұлттар елеусіздеу ғана жиналып, бір уыс боп қалады... Темүжінің хандығы қой терісінің қиық-қиық құрақтарынан тігілген топ сияқты – Алтын, Құшар. Дәрітай-отшығын, Жаршы, Құздар атты нояндардың иеліктерінен тұрады. Бауырлары үйлі-баранды болды, оларға мал бөлді, жан бөлді – енді солардың өздері де дербес иеліктерге айналды. Мұңлыққа һәм оның балаларына адам затынан тарту жасады, енді бұлар да жеке-жеке қос боп кеткен. Қоста бардың бәрін солар өзіміздікі деп біледі. Бір кездері бүкіл хандықтың мал табындарын, киіз үйлерін, пәуескелерін, жауынгерлерін сендер басқарыңдар деп нөкерлеріне жарл(ық жасағанда ол нояндардың дербестігін кесіп-пішіп тастауды ойлаған еді. Бірақ бұл ойынан ештеңе шықпай барады. Қазір нөкерлер өздерінде барға ғана қожа, ал нояндар болса өз өктемдіктерін қызғыштай қорғаштап, қиял-қиялы қияметтер жасай қояды. Тып-тыныш қана елеусіз, үнеіз жасалып жататын мұндай қыңырлық атаулының сағын сындырар күш бүгін дүниеде жоқ. Бәрін бірдей сыпыра жазалап, қыра бермейсің қой... Татарлармен соғыс мұны басқалардың үстінен асқақтата алып шығып еді, ал енді қатарынан бірнеше жыл бойғы тыныштық қайтадан жұрттың бәрімен бірдей ғып, теңестіріп жіберді. Сөйтіп, ол хан аталады, ал бағамдан, бажайлап қарасан, небәрі көп ноянның бірі ғана болады да шығады...

– Қарашы, Темүжін, қандай қонақтар келгенін көрдің бе бізге! – деді Борте.

Келген адамдар ат байлайтын керме ағаштың түбінде аттарынан түсіп жатты. Солардың арасынан бұл Уән-ханның бауыры Жағамбыны танып қалған. Керей көшпенділерінен көптен бері тірі пенде бұл жаққа ат басып салмай жүруші еді. Жағамбыны

аттандырып отырғаны рас болса, мазасыз Уән-хан мәнісі бар бірденеңі ойластырған ғой, сірә?! Олде қайсыбіреулерге оқталды ма екен? Кімге оқталады: тайшыларға ма, жоқ болмаса меркіттерге ме?

Шаршан-шалдыққаннан Жағамбының бет-әлпеті қуарыңқы көрінеді. Шақыруды күтпей-ақ ол белбеуін босатып, терден дымқыл тартқан желеңнің омырауын ағытып, текемет үстіне отыра кетті.

– Зор бөлеге ұшырадық, хан Темүжін... Ағаның ұлысына наймандар кен бас салды. Олар тау онырығандай үстімізге бір-ақ құлады. Аға тіпті жасауындарын жинап та үлгірген жоқ. Қазір өзінің қайда екенін де, тірі ме, өлі ме – онысын да білмеймін. Орнына кен Еркеқара отырып алды.

Төлені алдына алып, әйдінеп отырған Бөрте сілтідей тына қалған. Сопсоң қозғалаңдай барып, қыңқыл шығара бастаған баланы Жошыға бере салды да, “Әуелүп әжесінің үйіне апар” деді ақырын ғана сыбырлап. Тайшы-Құри артымен окшелей барып, текемет шетінен сырғып кетті де, күйінгеннен таңдай қағып, бір жағына қарай шығып тұрды. Ашулы отырған Темүжін оған: “Жоғал көзіме көрінбей!” – деп қол сілтеп қалды.

– Ал Нилха-Сенгүм аман ба?

– Әкесімен бірге болатын. Ол жайында да ештеңе білмеймін. – Жағамбы жеңінің кең ұшымен кір қонып, терлеп-тепшіп тұрған мойнын сұртті.

Темүжін аяқ астынан жеткен мына суық хабарды арындамай, ақырындап барып қана бағамдайды. Егер Уән-ханның орнын оның қуғындалып жүрген інісі басып қалса – бұл жақсылық емес, керейлер онда сенімді достан бігіспес дұшпанға айналар.

– Мына жасауылдармен бірге қашып келгеннен саусын ба өзін?

– Жоқ. Менің қосым біздің қоныстың ең шетінде еді. Наймандардың келіп жегуін күтіп тұра алмадым. Бала-шағамды, бар малым мен жанымды алдым да, саған қарай көне жөнелдім.

– Еркеқара іздеп жатқан жоқ па сені? – деп бір жағы мазасызданып отырғанын да жасырмай Темүжін сауал берді.

– Білмедім. Ең дәлі – іздемейтін шығар. Еркеқараға мен емес, біздің ағамыз қажет.

– Негылан адамсыңдар өздерің. Қандас ағайындылар бола тұрып, бірінмен-бірін келісе алмайсыңдар түге...

Жағамбы мына айтылған сөзді бейнебір түсінбегендей боп қарап еді бұған.

– Бірімен-бірі келісе алмай жүрген қандас адамдар жер бетінде пәлендей аз болмаса керек қой.

“Қарай гор мынаның... түспалдан тұрғанын... – деп ойлап қалды Темүжін әлгі сөзді. – Дәп қазір үндемей-ақ қойғаны жақсы еді мұның”.

– Не істемек ойың бар?

– Жауынгер бер маған.

Уән-ханның аяқ астынан құлауы мұның өз ұлысына не пәле боп жабысарын және ондай пәледен қалай құтылуға болатынын тез-тез ойластырып, Темүжін ұзағырақ үнсіз қалды. Жағамбы әлгі тілегін тағы да қайталаған.

– Мен саған жауынгер бермеймін және өзім наймандармен соғыспаймын.

– Ағам жасаған жақсылықтың бәріне қайтарған жауабың осы екен ғой? Рақмет онына!

– Жақсылықты ағаң жасайды, көмекті сен сұрайсың – айырма бар ма, жоқ па? Оның үстіне иелік сенікі емес, жұрт сенің соныңнан ермейді, осыны ойладың ба? Менің әскерім таққан болады, сөйтіп наймандар біздің ұлыстан келіп бір-ақ шығады. Сол ма керек етіп отырғаның? Оның үстіне артынан найман тыңшысын ілестіре келген жоқсың ба деп және қорқам. “Қашпақ болсан зымыра” деп алды-артыңа қарайламай зытқансың ғой тегі...

– Сен мейірімсіз адамсың, Темүжін хан!

– Мейір төгіп қолда хандықты емес, қатынды ғана ұстауға болар, жігітім.

– Отырған жерімнен қозғалмай, тұра бергенім жақсы ма еді деп ойлай бастадым қазір. Еркеқараға жасаған түк жамап, шығым жоқ еді, сондықтан ол маған тиіспейді дегенге сенімім де зор. Бәлкі, қайтып кетсем бе екен?

– Сен қайтып кетпейсің, сен менің қолымның астында боласың. Еркеқара хан-әкенің жауы, ендеше менің де жауым. Жаумен жанасқандарға не болатынын өзін де білетін шығарсың деп ойлаймын...

Бұлардың қасында жартылай шеңбер жасап, Жағамбының түнеріп, үнжұрғасы түскен шөкерлері тұрған.

– Борте, мына адамдарды тамақтандырсын де. Тыныгып, дем алсын. Жағамбы, сен де тынық. Содан соң мен нояндарымды жинаймын, ойласатын боламыз...

II

Әбден болдырып, күр сүлдері қалған аттар аяқтарын ілбіп-салбып қана басады. Уәһ-хан ер үстінде әзерге отыр. Наймандармен болған шағын шайқаста мұның басына семсер тиген. Әуелгі бір сәт көзі шығып, бас сүйегі сынып кеткендей көрініп еді. Бірақ көздері орнында, бас сүйегіне де зақым келмепті – алтын айдарлы таңғыт дулыға мұның өмірін сақтап қалған екен. Тек басы қан қақсап, әкетіп барады.

Тымырсық түннің көзге түртсе түк көргісіз қараңғылығы салт аттыларды қапталдай орап алған. Ол қасында келе жатқандардың да сикайысынын көрген жоқ, ал құлақ түбінде тұрып алған көп шуыл енгенені естірттер емес, сойтсе де өз ұлының үнемі қасында екенін сезетін секілді. Әне ол қолын мұның нығына салып ақырын ғана:

– Әке... – деп үн қатты.

– Не керек саған?

Ұлы еңкейе беріп, әке құлағына:

– Жасауыл, ноян атаулы кері бұрылып ап кетіп барады, – деп сыбыс қылды.

Түк сөйлескісі жоқ, тіпті ойлаудың өзін ауырлап келеді. Тек әпсәт арасында үрейлі ой жылт ете қалады да, сол басылмай тұрған бас ауруының бетін қайтарғандай болып, табанында-ақ сөне салады. Бұл:

– Кетсе кете берсін... – деп самарқау ғана тіл қатты.

Содан соң аттың мойнын күшып, тер сасыған жалына бетін басып, ер қасына қарнымен құлай кеткен. Ат тұяғы жерге тақ-түк тиеді. Ауырып келе жатқан басы бұған даң-дүң деп жауап бергендей. Тағалап қою керек еді атты. Өйткені ол – Уәһ-хан ғой, еңдене аты да тағалаптын тұруы тиіс қой. Ол – Уәһ-хан ғой... Ал Уәһ-хан кашса, тағалы атпен кашуы тиіс қой.

– Әке...

– Не боп қалды тағы?

– Қай жерде аялдаймыз біз?

– Мазамды ала бермесен қайтеді, Сенгүм.

Қалың тұманның астында қалған адам сияқты тұла бойы қара терге малынып, талықен береді өзі. Ат тұяғының тақ-тұғы алыстан барып, жоғалып тынды.

Беймаза Сенгүм жүлқынан оятады мұны. Ақырындап, абайлан тікесінен тістене көтеріліп отырды. Олар селдір ағаштың ішінде тұрған. Ағаш біткеннің ұшар басы жалқындана байып бара жатқан күннің алқызыл нұрына малынып, айналасы күйген көмірдей қап-қара еді. Томенде, іңір қараңғылығында бүлкілден су ағады. Аттар биік өскен дымқыл шөпті жеңі, ауыздықтарымен қоса шайнайды. Ұлынан басқа бұл жерде Құлабри, Өрін-тәжі, Елқыдыр мен Алтын-ашуық бар-тын.

– Жасауылдар қайда, жауынгерлер қайда?

– Түн ғой. Қараңғыда бір-бірімізден адасып қалдық. – деді Алтын-ашуық кінәлы адамдай көзін жыпылықтатып.

Ұлы қабак шытты.

– Олар бізден әдейі адасты. Мен әлгіде айттым емес пе. Өке, олар артта қалып қойды да, аттың басын кері бұрып, тайып отырды! – деп.

Айтқаны рас еді. Бірақ бұл сау болғанның өзінде де ештеңе істей алмас еді. Нөкерлерінің бала-шағалары мен мал-жандалары сонда қалып қойды. Еркеқара жау болса мұның жұртына емес, өзіне жау. Қазір Еркеқара күшті, ал жұрт дегенің осы күні өлдіні жағалап, әлсізді табалап кететін болған. Мына қасындағылары өзіне өте-мөте жақын жүрген, сондықтан да мұны тастап кете алмаған және Еркеқара кешірім жасайды дегеннен үміт үзген жанлар еді.

Сылдырай сырғыған сылаң су көңіл шіркінді жұбатқандай болып, ағаш түбімен бүлкілдей ағады. Ол ат үстінен аунай түсеті де, шөп бетіне құлай кетіп, көздерін жұмды. Жердің дымқыл, салқын сызы ысып келген денені бірден ұрғандай ма. Ноғандар аттарының ерін алып, алысырақтау жайғасқан. Бірақ қай-қайсысының да ұйқысы жоқ. Аунақшып, біріне-бірі тыныштық бермей, сөз сапырады. Сол сөзбен әуелі наймандарды “ұрып” алды. Оқасыз Еркеқараны, – дейді осы әңгіменің бірі, – үміт егер жебесіндей қорамсағында сақтап келді де, енді міне оны сол қорамсағынан шығарып, жұрттың қайғы-қасіретіне бола тартып келіп жіберді...

Аталмыш әңгіменің қызығы шамалы еді, сондықтан оны бірі тыңдап, бірі тыңдамаған.

Бастың ауырғаны аздан басылайып деді. Ол тұла бойы мәжіліс тартып, қимылыз жатыр. Басың қозғап алмайып дегендей тіпті көздерің ашып жатыр. Ұйқысы кеп, жап рақатына бөленгендей ме. Бірақ нояндар айтып жатқан әңгіменің әлдебір сөздері мазасың алған мұның, бұл әңгімеден бұрын-соңды естілмеген соны бір сарын тауып, соларды енді талмап жатқандай болады қазір.

– ...Нашар түрдық! Наймандармен де, меркіттермен де, тайшылармен де һәм татарлармен – кім көрінгенмен де алыстық, жулыстық, жанталаса жанжал шығардық. Нана болар, дана болар ешқайсысын көрмедік-ау солардың.

Даусынан тапыды, бұл сөйлеп жатқан Елқыдыр екен.

– Хе-хе, нашар түрдық дейді! Иә, жанжал шығардық... Темүжінді асқақтата хан көтеріп, оны не тілесе соның бәрімен жарылқалдық. Соңдай ұлы әмірші, жаужүрек жаугерші біздің жағымызда болса – тайшыларың, татарлары мен меркіттерінің бар әмбесін жыпы-теріп әкелсе де, наймандарың не қылады бізге! Түк қыла алмайды!

Бұл – Әрін-тәйжі. Безеу басқан, дімкәс ұрған бортпе бет, аласы сарғайған көздері үнемі ызаға толып тұратын кәдуілгі Әрін-тәйжі... Өзі әлденеге әманда көңілі толмай, әлдекімді әрдайымда айыптан жүретін бір бейбак. Мына сөзіне қарағанда бұл енді соның, Темүжіннің өзіне де ауыз салатынға ұқсағандай ма, қалай. Осылардың ішінен соған лайықтап тұрып жауап беретін шынымен-ақ бір ноянның табылмағаны ма? Бар екен ондай ноян, әне Құлабри сөйлеп жатыр. Ақылды һәм батыл да батыр жігіт...

– Біздің кемдігіміз достарымыздың аздығында емес, біздің кемдігіміз – Инанша-ханның бізге деген қастығында. Сол ханның өзімізбен татуласқысы келген де бір уақыттар болмап па еді. Соңдай кезді өткізіп алдық. Алдағыны алдын-ала ойлауға не керек, ақылымыз жетпеді...

Бұл да әлдекімді кінәлап, сол кінәлыны іздейді. Ал осы Құлабриді хан басқалардан да жақсы көріп, соған көп нәрсені сеніп тапсырмаушы ма еді...

– Жарар, жарар... Тек Еркеқараны оң жамбасқа салып, алып ұрса болғаны да! Жарар, жарар...

Ұлының үні шығады. Нилха-Сенгүм айтар сөзіп толық жеткізе алмайды, бірақ сойтес де түсінікті: бәрі де бұрынғысынан басқана болады дейді. Сөзіне қарағанда соның бәрін өзі қамдастырын, жайғастырады екен. Уәде беріп жатыр. Е, ұл болғаныңа сенін... Егер өмір шіркіннің бар тіршілігі сен ойлағандай болын құрылса ғой! Ол ең жазық, жайнақ жеріңнің өзінде сүріпін кетіп, кез келген шақта сені ер үстінен аулатып түсіретін сылтмасы бар шойнақ ат сияқты емес пе.

– Сендердің айтып жатқандарыңның бәрі бос былшылбай! Қиың шаңын қағатын қатындар сияқты өткен-кеткенді күр сілкілейсіңдер. Сойтін ханға ұйқы бермейсіңдер. Қалай өмір сүріп, не істеу керектігін ханның бір өзі ғана біледі. Бұл сөздің бәрі оған жаңа нық емес...

Осы сөзді айтып жатқан ханның өз ұлы емес, қайта дорекілеу жаратылған, пәлендей сөзуарлығы да жоқ Алтын-ашуық ныелыны жігіт, өкініш де сонда. Ол әрдайым да басқалардан бөлек, өзімен-өзі. Қиың, сотқар мінезі үшін де өзін өзгелерден бөлек қоятын. Алдымен біліп ап, содан соң ғана жақындату жағын ойластырған жөн болады...

Хан бірден көңілдің күйінішін сезді. Әлгі сөз Алтын-ашуыққа көп абырой бере алмас. Өзінің де не болары әлі беймәлім ғой. Өмір шіркін қаншама рет мұны жер бетіне алып ұрмады. Жеті жыл меркіттерде тұтқын боп жүрді. Даладан кеуіп қалған табақ-табақ жапа терді, қараша құлдармен бірге ағаш келіге сап тары түйді. Сол бір кез әкесі қол ұшын беріп, меркіттерден тартын әкетпегенде ме... Ал осыдан бес жыл өткен соң татарлардың қолына тағы түсіп қалды. Татар тұтқынынан өзгеше қимыл көрсетіп, өзі құтылған. Бір малшы-бақташыны көндіріп, екеуі бірлесе ат ұрлап ап, қашып шыққан. Содан соң сатқын нояндармен және ағайынды қоралмастармен күрес, содан соң әйелінің қазаасы. Тай-темір мен Бұқа-темір өлімі. Еркекара мен наймандардан қашып шығу. Осы қазіргісіңдей. Бірақ ол кездері бұл жае еді, соңнан мына сияқты сөзі көп үш-төрт ноян емес, ер десең ер, батыр десең батыр дейтіндей бір жүздік жауынгер ілесетін...

Темүжінге қол ұшын беріп, көмектескеніне Әріп-тәйжі разы емес екен. Темүжіннен түп-тура өз өмірін, тіпті қайталанын тұрған өз тағдырын қорес, қол ұшын бермегенде қайтәді? Сондықтан

қомектеспей мүлдем тұра алмаған. Темүжін дерті мұның жүрегін тіліп өтіп еді-ау!

Жеңіл қанат қобелектей ұйқы деген ұшып кетті. Ол бір жағына қарай аунап түскісі келіп еді, бірақ ыңқылып тежей алмай қалды. Нояндар үнеіз. Қасына ұлы келіп, тізе бүкті.

– Ұйықтаған жоқсың ба, әке? Қайда барамыз енді?

– Қайда болса, сонда барындар. Мазамды алма менің. Ойлаңдар оздерің.

– Темүжіннен біз бөлініп қалдық. Оған бару үшін өзіміздің қос-қоныстарды басып отуімізге тура келеді. Ұсталып қаламыз ба деп қорқам.

Ұлының сөзін тыңдамағандай сыңай байқатып, тағы да көзін жұмған. Ниша-Сенгүмнің аяқ астындағы шошшек бытыр етті – ол тұра сап нояндарға кетті.

– Қос-қоныстан аулағырақ жүріп әрі түнделетіп жүріп, Темүжінге өтіп кетуге болады, – деді Құлабри.

– Өге алмаймыз, – деп күрсінді Елқыдыр. – Олар біздің сол тұстан төбе көрсетуімізді ғана күтіп отыр.

– Ал сол жаққа өтудің не қажеті бар? Темүжіннің алуды ғана біліп, беруді жек көретіні жұрттың бәріне белгілі емес пе?

Тағы да сол қара ниет Әріп-тәйжі. Мұның қан тамырында қан емес, бейнебір от жүріп жатқандай көрінеді... Темүжін сенім артарға жарар бірден-бір азаматының нақ өзі. Бірақ хан оған бармайды. Бармайтын себебі – наймандар да, сондай-ақ, жана хан – Ерке-қараның алдында елпең қағып, соған қызмет қылуға дайын тұрған адамдар да қаптап жүрген өз жұртын басып өтудің қауіптілігінен емес. Жоқ, бармайтыны бұл себептен емес. Егер ол Темүжін қосынан пана таба қалса, онда наймандар мен Еркеқара бұған сол жерден іздеу салуды ұмытпақ емес. Сонда мұның өз хандығы сияқты Темүжін хандығы да құлап түспек. Ендеше Темүжін жақтың жолы кесілген. Есукей ұлының жұртына ат басып бұруға тек шектен шыққан мұқтаждық, айтып болмас амалсыздық қана мәжбүр егер.

Ендеше мұның алдында екі жол қалады, оның бірі – сәкеге қарай жететін қытайлық Алтан-хан елі, оның екіншісі – екіндіге қарай жететін Биік мәртебелі Ақиық Жалнақ жаз мемлекеті. Сән-салтанатты жақсы көретін таңғыттар өз елін осылай атайды. Қайсысына барған жөн? Алтан-ханға барған жөн болар ма? Алтан-хан, әрине, қол ұшын бере алар еді. Әлде, мұның керісінше, қол-

аяғын байлаңдар да, Еркеқараға тапсырыңдар деп бұйрық қыла ма? Өзіне қайсысы тиімді, соған орай шешер. Дегенмен, Алтаңханға бүгін тиімді көрінген ертең де тиімді болады деп кім айтар? Таңғыт әміршілерін бұл білмейді. Бірақ сондағы Хэйшүй¹ қаласында діни бір христиандар қауымы бар. Сол қауымның конестері соңғы жылдары қаланың иті ниетін пайдаланып, керей қоныстарында сауда-саттық жасап, көп пайда тапқан. Қағының тұрған замана жайын сол жерде күте тұруға болар. Ең жамап деген жағдайда, әрине. Ал бөлкім таңғыт әміршілері әскер мен қару-жарақ та беріп, қолдай тұрғысы келер.

Таңғыттарға апаратын жол алыс та, ауыр да болды. Бұлар осы араның сирек кездесетін көшпенділерінің көзіне түспеуге тырысын жылжиды. Жейтін тағамың жоқ. Кейде бірлі-екілі саршұнақты өлтіре аласың, бір рет жайрап жайран түсті. Бар болғаны сол.

Даланы басты, тауларды асты. Содан соң келіп таңғыттар еліне тап болды. Кербала шөлінің аптаңған қызған құрғақ ауасы бет күйдіреді. Қызғылтым-сары құм үйінділерінің үстінен сағым жүзеді, төбеден қалықтап қара күшігендер барады. Уән-ханның ісіңкі көздерінің алдында дүниенің бәр әмбесі тербеліп, тенееліп тұрғандай болады да, артынан тұтаса барып сағымға айналып кетеді. Қабырғасы ырсып, мәлкілден, әбден титығына жеткен. аяқтарын тәлтіректей басқан әлсіз аттар әлсін-әлсін тоқтап қалады, ал қос өкпеден тебініп келе жатқан Уән-хан аяғының өкшесімен ат жүрегінің дүрсілдей соққанын сезеді.

Шырмала өскен сексеуіл жыңғылының ара-арасымен өтіп, жел өтінен жұмырлана мұжылған биік беткейлі төбелерді айналып жеткенде бұлар алғашқы таңғыт көшпенділерін көрді. Төбелері жайпақ, қап-қара үш шатырша тұр, үшеуі тарбиып жатқан қыл аяқты қара қоңыз сияқты. Шатыршалар өлімсіреп ағып жатқан қайнар бұлақ жағасына, көгалды жердің бетіне тігілген. Таяу жерде түйелер жүр жайылып. Шуылдап иттер үріп еді, шатыршалардан жамырап балалар шықты, содан соң бір-екі әйел және шықты, бөгде, бөтен адамдарды көре сап, олар бет-жүздеріне қисапсыз көп, ұсақ-ұсақ бұрымшықтарын жайып жіберіп, үрейлері қалмай, кейін қарап жалт берді. Сонсоң еркектер көрінді – бір

¹Хэйшүй – Хара-Ного мұның құлап, қирап қалған үйінділерін II. Көзлов ашқан.

шал мен бір жас таңғыт, екеуі де киіз қалпақ киген, қалпақтарының шет-шетін жоғары қайырып, қоқырайтып қойыпты. Соларға бұлар сақтана, абаймен, бірақ қорықпай, үрікпей қараған. Шал өзінің ана тілінде бірдеңе ден сауал берді де, сол сауалын сол табанда-ақ монғол тілінде қайталап өтті:

– Аттарыңыз шаршаған жоқ па, су ішпей ме? – деп.

Уән хан ерден түсіп, күйін тұрған жерге табан тигізді. Мұның көз алдында от қанатты қобелектер ұшып-қонып, үетінде шатырша-қоныздар қарғылап жүргендей көрініп кетін еді...

Ол шатырша ішінен бір-ақ оялды. Түйе жүнінен істелген көрпе жамылын, жүп-жүмсақ төсек үетінде жатыр екен. Күн батып, қас қарайған. Шатырша алдында от лаулайды. Қасында, жерде, секесуіл бұтақтарының үйіндісі үетінде өзінің нояндары мен үй иелері отыр. Осы арада кешкі ас ішілді. Ол орнынан көтеріліп, далаға шықты. Атып тұрған ұлы мұны қолтығынан демеп, жанып жатқан от баына әкелді. Жас таңғыт оған түйе сүті қосылған бір кесе қою шай мен тары ұшынан пісірілген, қатып қалған жұқа нан ұсынды.

– Сен қатты ауырып тұрсың өрі қалжырап шаршағаның, – деді шал. – Менің үйімде бола тұрыңдар. Мен саған шөп қайнатып беремін. Ұлым жақсы саяткер. Ол жайран атып әкеледі, сен соның суымаған ыстық қанын ғана ішетін боласың.

Уән-хан шатыр ішінде бірнеше күн жатып қалды. Нояндар мен Нилха-Сенгүм шалдың ұлымен бірге жайран атуға шығып жүрді. Шалдың өзі мұның қасынан бір елі де кеткен жоқ. Уән-ханның білгені: шал ұлымен, ұлының әйелдерімен және балаларымен бірге елдің ең шетінде, көшпенді монғолдармен қатар, жүгін түйелеріне артып аң, үнемі көшіп-қонып жүретін көрінеді. Өзінің қосылған қосағы монғол-әйел екен. Бірақ ертеректе өліп кетіпті.

Қарт таңғыт мұны тез емдеп, аяғынан тік тұрғызды. Аттар да тынығып, оналып қалыпты. Уән-ханның енді тезірек Хэйшүйге жеткісі бар. Шалдың ақ көңіл, ашық, жарқын пейілін бұл жақсы ырымға балады да, белгісіз, бейтаныс қалаға үлкен үмітпен аттанып еді. Жақсы адамға алғысын айтып, сыйлап беретін де ештеңесі жоқ, сондықтан нығындағы садағы мен жебесі салынған қорамсағын иешіп, соны тарту қылды.

– Мына бір кішкентай сыйды қабыл ал. Менің еліме мейман боп кел! – деп.

Шатырдан ұзаққырап кеткен кезде арт жағынан біреудің:

– Түлкі қонақтарың борсық ініне шақырыпты ғой, – деп кекеткен сөзін естіп қалды.

Желкесінен біреу қайнап тұрған қара суды құйып өткендей шалт бұрылды. Қара шұбар беті тұлап тұта түтігін кеткен екен.

– Кім айтты әлгі сөзді?

– Ал мен айттым. Немене енді ауыздан сөз шығаруға да болмағаны ма? – Әріп-тәйжі айналып кетті де, еріндерін шүршіттің. Ысқыра бастады.

Ол мұның безеу басқан беті-жүзі сияқты бортін кеткен мойнын ала қамшымен тартып жіберіп еді. Теңселіп кеткен Әріп-тәйжі қолдарымен бетін жауып, қамшының екіншісін күткен. Бірақ Уән-хан өзінде осы да жетеді дегендей қамшысын бос тастап еді.

– Атыңның басын кері бүр да, басың ауған жағыңа кете бар, – деді ол Әріп-тәйжіге. – Менімен бірге жүре қойыңдар деп мен ешкімді де шақырған жоқпын.

Күйіп тұрған ауаны тағы да сағым торлаған, ыстықтан сарғайып жер жатыр. Бұлар сала-сала сайлар, кеуіп қалған өзен арналары тілімдеген жазық дала бетімен келе жатты. Ат тұяғының асғында тас сықырлап, құм бытырлайды. Шөп дегенін сирек кездеседі, оның өзі де тым қатқыл да һәм тікенді. Жынғыл мен сексеуіл түптері сияқты бұлар да жаланап жерді жасыра алмайды. Жалын атқан аптап ыстықтан бас сауғалай алмайсың. Қайсыбір сәт жел тұра бастағандай да еді. Ол болар-болмас майда шаңды көтеріп, өкпе қабындырады, сол кезде тынысын тарылып, дем ала алмай қаласың. Көсіле жатқан осынау жазық далада таңғыт түйелері ғана өздерін жақсы сезінетіндей. Жолаушыларды көре сала-ақ олар қаз мойындарына орнай қалған кіп-кішкентай бастарын көтеріп аң, тікенек шөпті толассыз шайнаған күйі жолаушыларды самарқау ғана шығарып салар еді немесе Алтан-ханның мардамсыған төрелері сияқты маңызсып, бір жағына ақырын ғана бет түзеу алып кете берер еді.

Таңғыт қыстақтары кездесе бастады. Олар балшықтан соғылған ерен қабырғалардың қалқасында жасырынып қалғандай. Балшықтан соғылған үйлерінің төбелері бітімі қалыңдау жүп мағамең жабылыпты. Үйлерінің қалың қабырғалары мен қабат-қабат мағалар ыстықтан жақсы қорғанып. Таңғыттар әрдайым да ақ жарқын, әрдайым да меймандос. Соған карамастан Уән-хан асыға түседі.

Егер аттары болдырып қалмаса, күндіз-түні жүруге де бар ма, қалай.

Күн күйдірген бойкүйез дала, түйелі, қыстақты-бекіністі дала көп ұзамай бітіп, таусылды. Алғы беттен айдыны жарқыраған көгілдір көл көзге ұрады, оның жағасына қамыс өскен, көлге жақындау кеп бітетін ойнаң беті қалың шыққан жап-жасыл шоп. Осы арада жаратылысы бөлек, ессесі биік бір үйір жарау жылқы жайылып жүр. Суы тұзды әрі жылы көл бетінде қиқулап, шағалалар сапырылысады. Бұдан әрменгі жол өзен жағалап кетеді екен, өзен өзінің ылайы, түнбалы суын көлге әкетіп барады. Өзеннің қос жағалауында бидай, тары, күріш егіндіктері созылып жатыр. Айқын-үйкын тартылған тоғандар мен арықтар. Жүрген сайын қыстақтар мен жалғыз-жарым үйлер ұшыраса береді. Жалпиган ескі күре жолдар қыстақтардың бірінен өтіп, біріне кіреді. Сол жолдармен арбалар, түйелі керуендер, жүк аркалаған құлдар кетіп барады, бұлардың соңынан ұзын-ұзын бамбук таяқтарын ұстап, есекке немесе ат үстіне қонған бақылаушылар ілескен.

Жол түп-тура Хэйшүйге алып келді. Қала маңындағы балшық үйлердің арғы бетінен алынбас қалың қабырғалар қапталдай шығып, бой көрсетіп тұр. Бұлардың көбі қыстақтардың шағын үйлеріне ұқсайды әрі төбелері де қара мағамен жабылған. Қабырғалардың үстінгі қыры шошак тісті де, қаптал тұстары мылтықтан. зенбіректен оқ ататын ойықтарға толы хәм бұрыш-бұрышында кардай аппақ баспалдақ субургандары бар. Өзінің алыптығы, алынбас беріктігімен қабырғалар ессенді баса түскендей.

Аула ішіндегі ала шұбар кілемдер төселген тап-таза жер еденде несториан қауымының әйгілі көпестері отыр. Уән-ханның сөзін тыңдаған сайын олар қайғы жұтып, қапаланғандай бастарын шайқап-шайқап қояды. Мұның құлауымен байланысты көпестерің шыңында да қамығып, қыпжылғандай, тіпті осы ханның бізден әлі көмек те сұрап жүрмесін деп (солайы солай да ғой) қобалжығандай болады. Рас, ол жайынан әлі өңгіме бастала қойған жоқ, бірақ хан бұйымтайының алдын алғандай бұлар өздері көріп жүрген қиыншылықтарын өздері айтып, жарыса жамырасқан. Христиандардың өмір сүруі қиын боп кетті. Билен-төстеуші буддистер шамадан тыс алатын салығымен жаншын барады, қолындағы пайдасы мол саудасын тартып алады, қайсыбір жатжерлікке балап, абыройын айрандай төгіп, мазақ қылады.

Бұрындар ондай-ондайдың белгісі де жоқ еді. Елді елу жылы бойы кемсінгер император Жэнь-сяо биледі. Ол өзге діндегілерді қатуланып ығыстырған да, қытымырланып сығыстырған да жоқ, таңғыт атаулының бәр әмбесі, мейлі Христиан ілімін, мейлі Будда, мейлі Мұхаммед, мейлі Конфуций немесе Ляо-пзы ілімдерін ұстансын бәрібір – солардың бар әмбесі бұл үшін сүйікті балаларындай болды. Бірақ өткен күз ұлы патша мәңгі ұйқыға кетті де, оның тағына мұрагер боп баласы Чунь-ю отырған. Өзінің шешесі, қытай қызы пәлендейлік ақылы жоқ, бірақ өте-мөте айлакер әйел – патшайым Лоньң үйретуі бойынша Чунь-ю қазынабайлығын лықита толғыру үшін өзге діндегілерді ойсыратып тонай бастаған.

Өздерінің жыламық сөздерін лақылдата тоғін-тоғін алды да, көпестер тарап кетті. Үй иесі Фу Вэй Уән-ханды ішкі бөлмелерге қарай ілестіре берген. Малай-қызметшілер шай әкелді, кітірлек печень мен иісі бұрқыраған бал әкелді. Бірақ бал қосқан шай Уән-хан үшін тәтті болмай, ащы шай боп шыққан еді.

– Менің мұнда келуімнің керегі жоқ екен! – деді ол.

Фу Вэй әлі көксейіндегі көңіл-күйін жасыра алмайтын жас жігіт еді. Сондықтан:

– Біз қазір өте-мөте қиын жағдайдамыз. Біз саған тек шыңдықты ғана айтып отырмыз, – деді.

Үй қабырғалары алтындай асыл ашық бояулармен әшекейленген екен, таңғажайып қола қойғыштарда балауыз шам ширатыла жанады. Жылтырата боялған шағын өршіктерде жалт-жұлт етіп қымбат бағалы кәрлендер тұр. Кедей тұрамыз деп жылағанда сондай, ал дала хандарының кез келгенінен артық тұратынын қарашы өздерінің.

Үй иесі саусақтарын жайып жіберіп, шай құйылған кесені орай ұстайды. Таңғыт дәстүрі бойынша олар шашын алдынан да, желке жағынан да көк құйқаға дейін тақырлата қырғызады. Шаш ортада құлақтан құлаққа дейін ғана қалдырылады да, дала көшпенділері сияқты бұрымшық қып өрмей, жоғарыға қарата қарсы тарап, бір жүйек қып үрпитіп қояды екен.

– Маған беретіндеріңнің бәрі, Фу Вэй, күні ертең өздеріңе екі есе өсіп қайтатын болады.

– Біз саған ештеңе дерлік бере алмаймыз. Дегенмен ең әуелі округ билеушісі Ань-цюаньмен сөйлесу керек болады. Оның сені

қалай қабылдайтынын күні бұрын айту маған, әрине, қиын... Ань-цюань – марқұм боп кеткен императордың кіші інісінің ұлы және қазіргі императордың немере інісі. Ол Чунь-юмен тәжікелесіп қалды да, осында, мемлекеттің ең шетіне жіберілді. “Таз ашуын тырнадан алады” демекші, бұл ашуын қол астындағылардан қайтарады... Әсіресе өзге діндегі мына біздерге құмар-ақ... Егер осы адам бұл жерде көбірек тұрып қалатындай болса, біздердің халіміздің қалай-қалай күйі кешері мныма қонбайды.

Ань-цюаньның қабылдауына жету оңай шаруа емес екен. Фу Вэй үйіне кеш сайып қатты қысылып қайтып жүрді, анау-мынауды айтып, онысын дұрыстап та айта алмай, “Ань-цюань аң аулауға кеттігі... Ань-цюань мемлекеттік істерден бос емес екен...” – деп ақталып жүрді.

Фу Вэйдің үйі іртеде, қалаға таяуырақ жерде тұратын. Уән-хан ұлымен және нояндарымен бірге – барлығы да таңғыттарша киініп алған – қамалға барып еді. Қамалдың алып болмас айбынды қабырғаларының әркі жағында – қабырға қалыңдығы үш-төрт, ал биіктігі, бес-алты алдан¹ болатынын Уән-хан көз мөлшерімен біліп те қойған – төбелері жүн матамен жабылған балшық үйлер біріне-бірі миңгесіп, ығы-жығы сығылысып жатыр. Солардың үстінде қызыл черешпалы құдай-үйлер бой көрсетеді. Құдай-үйлердің ішкі жағы құрбандықтың алтын жалатылған тостағандарымен, мөлдіреген лағылтас көз құдайлардың сымбатты сұлу тұлғаларымен мың құбылады, ал қабырғаларда хақ-тағала атаулының бейнелері салынған полотнолар ілулі. Бұл құдайлар жұқалтан ғана көгілдір һәм қызғылтым бояулардың әсерімен мардамсып, маңызсып, байсалды отыр, күп-күрғақ саусақтарымен тасбих тастарын бір-бірден санамалайтын, үстеріне кең лына киген монахтарға самарқау ғана қарап отыр.

Хэйшүйдегі ең үлкен үй билеп-төстеушінің үйі еді. Жұқа нәзік черепицамен жабылған төбенің бұрыш-бұрышы қайқыып бөлек-теңе шығып тұр. Соларға ілінген қоңыраулар салбырап қалған. Жесп-женіл ғана майда жел желпіп отсе болғаны, қоңыраулардың шылдырлап қоя берер әдеті. Үй қамалдың бұрышына таман тұрған. Содан қамал қабырғасына баспалдақпен сатылап баруға болатын. Бастарына орамал таңып, қоңыр түсеті немесе қызыл-қоңқыл

¹ Алдан (*aldu*) – өлшем мөлшері.

желең киіп, белдеріне жазба тақтапаларын іле салған шенеуніктер алтын жалатылған немесе жылтырланған дулыға киіп, белдеріне жіп-жіңішке күміс белдік нә болмаса жалпақ жібек белбеу байлаған әскери адамдар екі жағына жарылып ашылар әшекейлі қызыл есік алдында әрқашанда тоитпаны, ығы-жығы тұрғаны. Үстеріне киіп киімдерінің түр-түсіне, белдеріне байлаған белдіктері мен бас киімдеріне қарап тұрып, әскери адамдарды шенеуніктерден ажыратып қана қоймай, сонымен бірге осылардың әрбірінің атақ дәрежесін де анықтап шығуға болар еді. Әскери, нә мемлекеттік қызметте жоқ адамдар, хал-ахуалының қай тұрғыда тұрғанына қарамастан, егер олар әкеүйек тұқымға жатпайтын болса, қара киім киіп жүретін, ал атақты әкеүйек адамдардың киетіні жасыл түсті лыпадан келуші еді.

Әкімдерге ыңғайлы болу үшін бәрі де дәлме-дәл белгіленіп, ара жігі ажыратылып қойылған мемлекеттің айла-шарғысы көп құрылымына терең бойлай отырып, хан қайғы-қасіретін ауық-ауық ұмытып та кетеді. Ұмытатыны сонша тіпті осындағының қайсы-бірін өз хандығына пайдалануға болмас па екен дегенді де ойластыра бастайды. Бірақ нояндарының бет-әлпеттеріне көз салса-ақ болды, әлгі ойларының бәрі қайнап суға түскен мұз сынығы сықылды қас пен көздің арасында еріп, ғайып болар еді. Әрін-тәйжінің сыбағасын беретін сол бір камшыдан сон-ақ нояндар бұған өз ойларын ашық айтуға жасқанатын болған, бірақ нояндардың өзі қақында жақсы пікірде еместігін хан сезуші еді.

Көп машақаттан кейін Фу Вэй мұны Ань-цюаньнің қабылдауына қанша дегенмен де кіргізе алды. Бұл үшін қаншама көп қайрат қылып, қаншама көп шығын жасағанын Фу Вэй, әрине, айтпай қалған жоқ, оны айту керек деп білген.

Енді мұның алдынан жарма есіктің екі жағына жарыла ашылғаны мынау...

Круг әміршісі әрі императордың немере інісі өте-мөте жақ адам екен. Ол құдай-үйдің тәж-тағында отырған хақ-тағала сияқты малдас құрып, жастық үстіне жайғасыпты. Екі малай төбесінен қалың шашақты жібек шатыршаны ұстап тұр. Өктемдік белгілері анталаған ерін езулері кірпіяздана салбырап қалған. Дон-донгелек біткен қой коздері ханға әуейлене кадалады.

Әміршінің төнірегінде жүргендердің үстеріндегі түрлі түсті желеңдер арасында қара киімді Фу Вэй қырғауылдар үйірінде